

«Шұғыла» бөбекжай-бақшасы» МКҚК

Хаттама № 9

Қосбөлтек ауылы

20.03.2025ж.

Ата-аналарға арналған консультациялық пункт бойынша жүргізілген іс шара барысында «Баланы жарақаттан қалай қорғауға болады» тақырыбында мейірбике Ф.Мақсымханованың ұйымдастыруымен ата-аналарға баяндамасы тыңдалды.

Ондағы мақсаты: отбасы тәрбиесіндегі ата-ананың балаға тәрбиелік ықпалын арттыру.

Ф.Мақсымханова өз баяндамасында балабақшада балалар жарақаты және оның алдын алу бұл өте маңызды және күрделі мәселе. Әсіресе жазғы, күзгісеруен кезіндегі болмаса отбасында далада ойнап жүрген, қараусыз қалған кезде жиі болатын жайттар. Бұл орын алған жарақаттар баланың психологиялық ерекшеліктері ықпал ететіні сөзсіз.

Балалардағы ең көп таралған жарақат тұрмыстық болып табылады.

Балабақша ауласында яғни балалар ойнайтын жерлерде өткір заттар, басқада қауіпті заттардың болмауы қажет.

Бұл отбасында да болатын жайт, сол себептіде балалардың үйде болуы мүмкін жарақаттардың негізгі түрлері және олардың себептерін атап айтатын болсам, ыдыс-аяқтан, ыстық судан, үтіктерден де болатын жағдайлар, сол себепті де балаңызды қараусыз қалдырмағаныңыз жөн.

Отбасында ата-аналар тарапынан баланың қайшымен немесе пышақпен ойнауына қауіпті екенін түсіндіре отырып, ол заттардың баланың қолы жетпейтін жерге қою керектігін ескеруіміз қажет екенін ұмытпайық деп атап өтті.

Ата-ана А.Ботабекова өз сөзінде шынында біз бала ойын ойнағанда көп нәрсеге көңіл бөле бермейді екенбіз, құласа өзіне сөйлейміз, неге жүгіресің, неге құлайсың деп сөгіп жатамыз. Төңірегіміздегі заттарға да аса көңіл бөле бермейді екенбіз, дегенменде сақтық шараларын айтып отырамыз.

Отбасында бала жарақатына аса көңіл бөлуіміз қажет, өзіңіз атап өткендей жарақаттың түрі көп, десе де бала жарақатына аса мән беруіміз қажет деп айтты.

Хатшы:  Мақсымханова Ф.

